

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА**



**ҚАЗАҚСТАНДА ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫ
Талдамалық анықтама**

**СОСТОЯНИЕ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В КАЗАХСТАНЕ
Аналитическая справка**

**Астана
2016**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им.И.Алтынсарина



ҚАЗАҚСТАНДА ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫ

Талдамалық анықтама

СОСТОЯНИЕ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аналитическая справка

**Астана
2016**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама).

Қазақстанда үштілді білім беру жағдайы. Талдамалық анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 34 б.

Рекомендовано к изданию решением ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол №5 от 17 июня 2016 г.).

Состояние трехязычного образования в Казахстане. Аналитическая справка. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. – 34 с.

Бұл жұмыста Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын жүзеге асыру аясында Қазақстандағы жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік және жоғары білім беру деңгейлерінде үштілді білім беруге жүргізілген мониторинг қорытындысы ұсынылған.

Талдамалық анықтама мектеп мұғалімдеріне, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, білім беру басқармаларының басшыларына, үштілді оқыту саласындағы барлық мамандарға арналған.

В настоящей работе представлены итоги мониторинга трехязычного образования на уровне общего среднего образования, технического и профессионального и высшего образования в Казахстане, проведенного в рамках реализации Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2016 годы.

Аналитическая справка адресована учителям школ, преподавателям колледжей и вузов, руководителям управлений образования, всем специалистам в области трехязычного обучения.

Кіріспе

Талдамалық анықтаманы құрастыруда барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруді жүзеге асыру бойынша ағымдағы жағдайға талдау жасалды. Осыған сәйкес төмендегілерді жүзеге асыру үшін мониторинг жүргізілді:

– барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілетін мониторингтің құрылымы мен технологиялық карталары әзірленді;

– барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге мониторинг жүргізуде ақпараттар жинау және мәліметтер базасын өңдеу жүргізілді;

– барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілген мониторинг мәліметтеріне талдау жасалды;

– барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруді жүзеге асыру жағдайы бойынша жұмыс нәтижелері қорытылды және қорытындылар тұжырымдалды.

Көрсетілген әрекеттердің бәрі дерлік барлық деңгейдің бастауыш білім беру ұйымдарынан ақпарат жинау негізінде елде үштілді білім беруді алға жылжытудың шынайы көрінісін анықтау болып табылатын мониторинг жүргізудің негізгі мақсатына жетудің қадамдық алгоритмі болып саналады. Атап айтқанда, барлық технологиялық карталар осы мақсатқа сәйкес құрастырылды және мониторинг жүргізудің технологиялық тәртібі анықталды, сонымен қатар жоғары білім беру деңгейінде - ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындары, техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде – гуманитарлық және педагогикалық колледждер, орта білім беру деңгейінде – үштілді оқыту бағдарламаларын іске асырушы мектептерден сауалнама алынғаннан кейін сауалнамаға жауап берушілердің жиынтық нәтижесі жасалды.

Мониторингке барлығы:

– 37 ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарынан – 28 жоғары оқу орындары қатысты, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, С.Д.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медициналық университеті, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Семей мемлекеттік педагогикалық университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы сияқты жоғары оқу орындары мониторингке қатыспады;

– 22 мемлекеттік гуманитарлық және педагогикалық колледждерден – 14 колледж қатысты, Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі, Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі, Астана қ. гуманитарлық колледжі, М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі және Маңғыстау гуманитарлық колледжі мониторингке қатыспады;

– 166 орта білім беру ұйымдарынан – 120 мектеп қатысты.

1 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілген мониторингтің құрылымы және технологиялық карталары

Орта білім беру ұйымдарындағы үштілді білім беруге жүргізілген мониторингтің жалпы құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

I. Жалпы мәліметтер.

II. Мақсатты тілде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер.

III. Оқу ресурстары.

IV. Бағалау жүйесі.

V. Көптілді білім беруді кадрлық қамтамасыз ету.

«**I. Жалпы мәліметтер**» бөлімінде бір технологиялық карта (ТК I.1 білім беру ұйымдары туралы жалпы мәліметтер) бар. Онда сауалнамаға жауап берушілер білім беру ұйымының толық заңды атауын, оның мекенжайын, байланыс телефондарын, мектептегі оқыту тілін (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік), ұйымның осы бағыттағы жұмыс тәжірибесін (қай жылдан бастап және неше жыл), сонымен қатар басшылардың және үш/көптілді білім беру бойынша жауапты қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетуі қажет.

«**II. Мақсатты тілде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер**» деп аталатын екінші бөлім сынып бойынша апталық оқу уақытының көлемі көрсетілген мақсатты тілде оқытылатын инвариантты және вариативті компоненттер пәндерінің тізімін анықтауға бағытталған үш технологиялық картаны құрайды.

Мақсатты тілдер:

- оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі;
- оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі;
- барлық мектептерге арналған ағылшын тілі болып табылады.

Үшінші бөлім «**III. Оқу ресурстары**» үш технологиялық картаны құрайды. Осы карталар бойынша ақпарат алу арнаулы тілде пәнді оқытудағы педагогтердің қолданатын сол оқу ресурстарын (оқулықтар, ОӘК) анықтауға бағытталған. Мұнда тек инвариантты компонент пәндеріне арналған ресурстар туралы сөз болады.

Төртінші бөлім «**IV. Бағалау жүйесі**» екі технологиялық картаны құрайды. Оның екіншісі егер тек мектеп шеттілдік білім берудің (Common European Framework of Reference, CEFR) деңгейлік моделі бойынша немесе ҚАЗТЕСТ, TOEFL, IELTS және т.б. модел түрлері бойынша оқыту нәтижесін қадағалаған жағдайда ғана толтырылады.

«**V. Көптілді білім беруді кадрлық қамтамасыз ету**» деп аталатын соңғы бесінші бөлім үштілді білім беруге қатысты білім беру деңгейі, біліктілік санаты және мұғалімдердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер жинауға бағытталған екі технологиялық картаны құрайды. Сонымен қатар, мектептегі мұғалімдердің жалпы саны үштілді білім беруге қатысты мұғалімдер санымен сәйкес келмеуі тиіс, сондықтан бұл жерде сабақты мақсатты тілде беретін мұғалімдер туралы ғана сөз болады.

Техникалық және кәсіптік (бұдан әрі – колледждер) және жоғары білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖОО-ры) үшін жүргізілген мониторинг құрылымы

орта білім беру (бұдан әрі – мектептер) ұйымдары үшін жүргізілген мониторингтен біраз ғана ерекшеленеді. Мұнда жүргізілген мониторинг төрт бөлімнен тұрады:

I. Жалпы мәліметтер.

II Білім алушылар және ПОҚ туралы мәліметтер.

III. Мақсатты тілде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер.

IV. Бағалау жүйесі.

Бірінші және төртінші бөлімдер өз мазмұндары бойынша толығымен сәйкес келеді.

«II Білім алушылар және ПОҚ туралы мәліметтер» атты екінші бөлім үш технологиялық картадан тұрады, оның біріншісінде тілі және оқыту курсы бойынша тек күндізгі бөлім білім алушыларының контингенті көрсетілуі қажет.

Осы бөлімнің екінші технологиялық картасы мақсатты тілде ЖББП,БП,БП инвариантты және вариативті компонент пәндерін оқытын колледждер мен жоғары оқу орындарының қазақ және орыс бөлімдері студенттерінің саны туралы мәліметтер жинауға бағытталған. Мақсатты тілге: оқыту қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі; оқыту орыс тілді емес мектептердегі орыс тілі; барлық мектептерге арналған ағылшын тілі жататындығын еске саламыз.

Осы бөлімнің үшінші технологиялық картасы мақсатты тілде курс оқытын декандар және кафедра меңгерушілерін қоса штаттық құрамдағы оқытушылар саны туралы мәліметтер жинауға бағытталған. Сонымен осы карта бойынша жиналған мәліметтер біртүрлі және екітүрлі (қазақ-орыс, қазақ-ағылшын немесе орыс-ағылшын қостілділік) оқытушылар саны туралы болжам, сонымен қатар ағылшын тілді оқытушылар жөнінде шынайы көрініс жасауға мүмкіндік береді.

Үшінші бөлім «III. Мақсатты тілде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер» сауалнамаға жауап берушілер ЖББП, БП, БП инвариантты және вариативті компоненттерінің тілдік емеспәндері туралы мәліметтерді көрсетуі тиіс төрт технологиялық картаны құрайды.

Сонымен, мониторинг құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1.1-кесте – үштілді білім беруге жүргізілген мониторинг құрылымы

Бөлім атаулары	Технологиялық карта атауы
1	2
Орта білім беру	
I. Жалпы мәліметтер	ТК I.1 Білім беруді ұйымдастыру туралы жалпы мәліметтер
II. Мақсатты тілде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер	ТК II.1 (а) – Қазақ тілінде оқытылатын пәндер (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін)
	ТК II.1 (б) – Орыс тілінде оқытылатын пәндер (оқыту орыс тілді емес мектептер үшін)
	ТК II.1 (в) – Ағылшын тілінде оқытылатын пәндер (оқыту тіліне тәуелсіз барлық мектептер үшін)
III. Оқу ресурстары	ТК III.1 (а) – Қазақ тілінде оқытылатын пәндер бойынша оқу ресурстары (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін)
	ТК III.1 (б) – Орыс тілінде оқытылатын пәндер бойынша оқу ресурстары (оқыту орыс тілді емес мектептер үшін)
	ТК III.1 (в) – Ағылшын тілінде оқытылатын пәндер бойынша оқу ресурстары (оқыту тіліне тәуелсіз барлық мектептер үшін)

1.1-кестенің жалғасы

IV. Бағалау жүйесі	ТК IV.1 – Мектепте қолданылатын білім алушылардың тілдік құзыреттерін бағалау жүйесі («иә» немесе «жоқ» деп көрсетуі қажет)
	ТК IV.2 – Мақсатты тілді (деңгей бойынша) меңгерген оқушылар саны туралы мәлімет*
V.Көптілді білім беруді кадрлық қамтамасыз ету	ТК V.1 – Үштілді білім беруге қатысты мұғалімдердің білім беру деңгейі мен біліктілік санаты туралы мәліметтер
	ТК V.2 – Үштілді білім беруге қатысты мұғалімдердің (соңғы үш жылда) біліктілігін арттыру туралы мәліметтер
<i>Техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру</i>	
I. Жалпы мәліметтер	ТК I.1 Білім беру ұйымдары туралы жалпы мәліметтер
II Білім алушылар және ПОҚ туралы мәліметтер	ТК II.1 – Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер (тек қана күндізгі бөлім)
	ТК II.2 – Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде оқытын білім алушылар контингенті туралы мәліметтер
	ТК II.3 – Оқытушылар саны туралы мәліметтер (декандар мен кафедра меңгерушілерін қоса тек ғана штаттық құрам)
III. Мақсатты тілде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер	ТК III.1 (а) – Оқыту орыс тіліндегі топтарда қазақ тілінде оқытылатын пәндер
	ТК III.1 (б) – Оқыту қазақ тіліндегі топтарда орыс тілінде оқытылатын пәндер
	ТК III.1 (в) – Оқыту қазақ тіліндегі топтарда ағылшын тілінде оқытылатын пәндер
	ТК III.1 (г) – Оқыту орыс тіліндегі топтарда ағылшын тілінде оқытылатын пәндер
IV. Бағалау	ТК IV.1 – ЖОО/ колледжде қолданылатын білім алушылардың тілдік құзыретін бағалау жүйесі(«иә» немесе «жоқ» деп көрсетуі қажет)
	ТК IV.2 – Мақсатты тілді (деңгей бойынша) меңгерген білім алушылар саны туралы мәліметтер.

2 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге мониторинг жүргізуде ақпараттар жинау және мәліметтер базасын өңдеу әдістері

Алдын-ала дайындық: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының білім басқармалары бойынша, ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарына, елдің гуманитарлық және педагогикалық колледждеріне мониторинг жүргізуге қатысу туралы өтінішпен хат жіберілді. Сонымен қатар алдын-ала сұрау бойынша облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының білім басқармалары үштілді білім беру бағдарламаларын 168 әр түрлі орта білім беру ұйымдарында жүзеге асырып жатқан сәйкес мектептер тізімін ұсынды (2-кесте).

2-кесте – Үштілді білім беру бағдарламалары жүзеге асырылатын орта білім беру ұйымдары туралы мәліметтер

Аймақтар	Оқушылар контингенті						
	Барлығы	Оқыту қазақ тілінде		Оқыту орыс тілінде		Барлығы	
		саны	үлесі	саны	үлесі	саны	үлесі
Ауыл	9031	6813	75,44	761	8,43	7574	83,87
Қала	47322	22694	47,96	11375	24,04	34069	71,99
Барлығы	56353	29507	52,36	12136	21,54	41643	73,90

Бастапқы мәліметтерді жинау және ақпараттар ағынын өңдеудің негізгі әдісі мониторинг жүргізудің технологиялық картасы түрінде құрылымдалған форма бойынша сұрау, сонымен қатар орындаушымен жеке сұхбатта бастапқы құжаттарды (технологиялық карталар) анықтау болып табылады. Келесі тәсіл Академияның жұмысшы топтарында алынған және өңделген талдау нәтижелерін талқылау, содан кейін Академияның ғылыми кеңесі мүшелерінің арасында талқылау болып табылады.

3 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілген мониторинг мәліметтерін талдау нәтижелері

3.1 Деңгейі: орта білім беру

Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының білім басқармаларымен мәлімделген 166 мектептен, мониторинг жүргізуге 19 ауылдық және 101 қалалық жерлерден, барлығы 120 орта білім беру мекемелері қатысты (3.1.1- кесте).

3.1.1-кесте – Үштілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім басқармаларымен мәлімделген мектептер саны туралы мәліметтер

Облыстар атауы	Ауылдық мектептер		Қалалық мектептер			
	мәлімделгені	мониторинг жүргізуге қатысқандар	мәлімделгені	мониторинг жүргізуге қатысқандар		
БҚО	4	3	15	15		
ОҚО	1	0	7	1		
Алматы облысы	3	3	11	6		
Павлодар облысы	23	13	42	38		
Маңғыстау облысы	8	0	7	3		
Ақмола облысы	2	0	9	6		
Қарағанды облысы			15	13		
Қызылорда облысы			3	3		
Атырау облысы			1	1		
Жамбыл облысы			3	3		
Қостанай облысы			2	2		
СҚО			3	3		
Ақтөбе облысы			7	7		
Барлығы			41	19	125	101

Жүргізілген мониторингтің келесі сұрағы мақсатты тілде оқытылатын оқу пәндеріне қатысты болды. Сонымен, қазақ тілінде (Т2) оқытылатын пәндердің тізіміне «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен басқа «Жаратылыстану», «Абайтану», «Биология», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Қазақстан тарихы», «Менің Отанымның тарихы: өткені және қазіргісі (арнайы курс)», «Қызықты қазақ тілі», «Алғашқы әскери дайындық», «Дүние тану», «Сөйлесімдік қазақ тілі», «Өзін өзі тану», «Қазақ әдебиетіндегі Ертегі дәстүрлері» «Қазақ халқының мәдени мұрасы (арнайы курс)», «Технология», «Тіл дамыту», «Физика», «Дене шынықтыру», «Химия», «Адам.Қоғам.Құқық», «Сызу» сияқты пәндер қосылатыны анықталды.


Орыс тілінде (Т2) «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті» пәндерінен басқа «Орыс орфографиясы заңдары», «Орыс тілі морфологиясы», «Морфология.

Емле ережесі», «Атаушы сөз таптарының ерекшеліктері», «Орыс тілінің практикумы», «Алғашқы әскери дайындық», «Адам. Қоғам. Құқық», «Дене шынықтыру», «Биология», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Қазақстан тарихы», «Қызықты орыс тілі», «Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті», «Өлкетану», «Сөйлеу мәдениеті», «Орыс тілінің лексикасы және фразеологиясы», «Әдебиеттік оқу», «Орысша сөйлесеміз», «Орфография негіздері», «Өзін өзі тану», «Орыс тілінің практикалық курсы», «Пунктуация бойынша практикум», «Орыс шығармашылығы», «Орыс тілі және әдебиеті (кіріктірілген курсы)», «Мәтінжәнемәтін», «Технология», «Орфографияның қиын сұрақтары».

Ағылшын тілінде (Т3) , «Ағылшын тілі» пәнінен басқа ««Family Friends», «Region Pavlodar», «Абай әлемінде», «Абайтану», «Биология», «Математиканың қосымша бөлімдері», «Калейдоскоп» (биология бойынша арнайы курс), «Мультимедиа» (АЕТ бойыншы арнайы курс), «Халықаралық тіл және биология», «Botany», «English theatre», «Enioyenglish (биология бойынша арнайы курс)», «Human biology», «Mathematics», «Real reading», «Sunny English» (АЕТ бойыншы арнайы курс), «Алгебра», «Биология», «География», «Геометрия», «Ағылшын тіліндегі грамматика», «Үйде оқу», «Елтану», «Жаратылыстану», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Қызықты ағылшын», «Логика», «Математика», «ТОЕFL-ға дайындық», «Сөйлесімдік ағылшын тілі», «Экономика» (арнайы курс), «Тарихи razzle» (Қазақстан тарихы ағылшын тілінде), «Техникалық аударма», «Физика», «Химия», факультативтер «Ағылшынша химия», «Ағылшынша биология», «Мәшһүртану».

Мақсатты тілде(Т2 және Т3) оқытылатын пәндер мен арнайы курстардың тақырыптық қатты шашыраңқылығын, сонымен қатар қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттардағы пәндерді оқытуда мақсатты тілдерді таңдаудағы аса қажетсіз еркіндікті көрсету мақсатымен тізім дәл осылай нақты келтірілді. Бұл оқушылардың сол және басқа да пән саласы бойынша білім сапасының әртүрлілігінеәкелетін пәндік мазмұнды меңгерудің біртұтас үдерісін бұзуга әкеледі. Бұл тағы ауылдық оқушылардың көбінесе білім беру ресурстарына қолжетімділігі шектелген объективті факторларымен ұлғая түседі. Оның дәлелі қалалық мектептердегі мақсатты тілде оқытылатын пәндер тізімінің ауылдық мектептерге қарағанда едәуір алуан түрлі болып табылуы. Сонымен қатар, ағылшын және орыс тілінде оқытатын мұғалімдердің сабақты қазақ тілінде жүргізетін педагогтерден біршама белсенділігін атап көрсетуге болады. (3.1.1- сурет).

Оқу ресурстарына қатысты екінші бөлімнің – ТК II.1 (а), ТК II.1 (б), ТК II.1 (в) технологиялық картасына сәйкес – сауалнамаға жауап берушілер инвариантты компонент бойынша мақсатты тілдерде (Т2 және Т3) оқытылатын пәндерге арналған өздері қолданатын оқулықтарды көрсетулері қажет. Мақсатты тілдерде оқытылатын пәндер бойынша сабақта мұғалімдердің негізінен Білім және ғылым министрлігімен ұсынылған оқулықтарды қолданатыны анықталды.



3.1.1 – Мақсатты тілде (Т2 және Т3) оқытылатын пәндер туралы мәліметтер

Ағылшын тілінде (Т3) оқытылатын пәндер бойынша сабақта қолданылатын оқулықтарда ерекшелік байқалады. Мұнда ұсынылған оқулықтармен қатар басқа оқулықтар да қолданылады. Мысалға, ағылшын тіліндегі биология бойынша мұғалімдер қазақстандықтармен қатар шетелдік авторлардың оқулықтарын да қолданады. Сонымен, оқулықтар:

- «Атамұра» баспасы («Биология» – авторлары Қ.Қайым, Р.Сәтімбеков, Ә.Әметов – 7-сынып, М.К.Гильманов, А.Соловьева, Л.У.Әбшенова – 9-сынып, Н.Асанов, А.Соловьева – 10-сынып);

- «Мектеп» баспасы («Биология» – авторы Е.Очкур – 8-сынып, Р.Сәтімбеков, Р.Әлімқұлова, Ж.Шілдебаев – 11-сынып);

- «Cambridge University press» баспасы 2013 ж. («Биология, химия» және «Cambridge Checkpoint Science» - авторлары Mary Jones, Diane Fellowes-Freeman and David Sang – 9-сынып);

- «Астана-кітап» баспасы («Biology» – авторы В.Кенсі, В.Ерметов, Е.Оспанкулова – 7-8 -сыныптар;


- «Zambak» баспасы («Citologi» - авторы В.Кенсі, О.Арапсі – 9-сынып, «Reproduction and development» - 10-сынып, «Genetics» - 11-сынып).

Бұл үштілді білім беру шеңберінде педагогтермен қолданылатын оқулықтарды реттеудің қажеттілігін мәлімдейді.

Мониторинг жүргізуге қатысқан тек 10 мектеп оқушыларының тілдік құзыретін бағалауда ғана CEFR түрі бойынша бағалау жүйесі қолданылады. Бірақ, олардың тек төртеуі ғана растайтын материал ұсынды. Бұл Ақмола облысының екі мектебі (№1 ҚТЛ және М.Ғабдуллин атындағы №3 бейіндік МГ) және Қарағанды облысының екі мектебі (№15 ҚМГ Теміртау қаласы


және №15 МЛ Балқаш қаласы). Бұл мектептер сауалнамаға жауап берушілер егер тек мектеп шеттілдік білім берудің (Common European Framework of Reference, CEFR) деңгейлік моделі бойынша немесе ҚАЗТЕСТ, TOEFL, IELTS және т.б. модел түрлері бойынша оқыту нәтижесін қадағалаған жағдайда ғана толтыруы тиіс ТК IV.2 – мақсатты тілдерді (деңгей бойынша) меңгерген оқушылар саны туралы мәліметтерді толтырды.

Жоғарыда көрсетілген мектептермен ұсынылған осы талдау оқушылардың көпшілігінің тілдік құзыреттерінің қазақ тілі бойынша C2 деңгейінде (сонымен қатар ең төменгі көрсеткіш C1 деңгейі бойынша), орыс тілі бойынша B1 деңгейінде (сонымен қатар ең төменгі көрсеткіш C1 деңгейі бойынша), ағылшын тілі бойынша A2 деңгейінде (сонымен қатар ең төменгі көрсеткіш C2 деңгейі бойынша) қалыптасқандығын көрсететінін (3.1.2-сурет) дәлелдейді.



3.1.2- сурет – Төрт мектеп оқушыларының тілдік құзырет деңгейлері

Үш тілге бөлгендегі салыстырмалы талдау тілдік құзырет деңгейі бойынша сияқты мақсатты тілдер (T2 және T3) бойынша да көрсеткіштерде қатты шашыраңқылық байқалатынын (3.1.3-сурет) дәлелдейді, сонымен қатар орта есеппен ең нашар шепті қазақ тілі (15,8%), орташасын –орыс тілі (16,9%), жоғарғысын –ағылшын тілі (18,1%) алатынын атап көрсетуге болады.



3.1.3-сурет – Үш мақсатты тілдер бойынша оқушылардың тілдік құзырет деңгейлерінің қалыптасу көрсеткіштерін бөлу


Бұдан үш мақсатты тілдер бойынша оқушылардың тілдік құзырет деңгейлерінің қалыптасуының әркелкілігінің себебін анықтау үшін осы жағдайды егжей-тегжейлі зерделеудің қажеттілігін көруге болады.

Білім беру сапсының, оның ішінде үштілді оқытудағытүйінді фактор педагог және оның біліктілігі екендігі сөзсіз. Осы жағдайда мониторинг жүргізуге қатысқан оқыту орыс тіліндегі 74 мектепте үштілді білім беру бағдарламасына қатысты небәрі 4665 мұғалім яғни 18,9% жұмыс істейді. (3.1.2-кесте).

3.1.2-кесте – Үштілді білім беру бағдарламасына қатысты оқыту орыс тіліндегі мектептер мұғалімдері туралы мәліметтер


Мектеп түрі (орналасқан орны бойынша)	Барлық мұғалімдер	Үштілді білім беруге қатыстылары	
		саны	үлесі
Ауылдық мектептер	637	44	6,9
Қалалық мектептер	4028	482	12,0
Барлығы	4665	526	18,9

Оқыту орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілінде сабақ жүргізетін мұғалімдердің білім беру деңгейіне байланысты зерттелген мектептердің мұғалімдерінің көпшілігінің жоғары білімі бар, сонымен қатар қалалық мектептерде бұл көрсеткіш ауылдықтардан 4,9% жоғары екендігін атап көрсетуге болады. (3.1.4-сурет).




3.1.4 – сурет Мониторинг жүргізуге қатысқан, оқыту орыс тіліндегі мектеп мұғалімдерінің білім беру деңгейі туралы мәліметтер

Үштілді білім беру бағдарламасына қатысты мұғалімдер санынан жоғары біліктілік санаты барлар- 20,7%, бірінші біліктілік санатын– 33,5%, екіншіні– 43,2% және санаты жоқтары– 2,7% құрайды. Сонымен қатар келесідей үрдіс: мұғалімдердің көпшілігінің жоғары санаты бар, бірақ ауылдық және қалалық мұғалімдердің арасындағы айырмашылық екіншісінің пайдасына 29,7% құрайтыны байқалады. Ауылдық мектептерде екінші санаты бар мұғалімдер саны басым болады (3.1.5-сурет).



3.1.5 –сурет – Мониторинг жүргізуге қатысқан оқыту орыс тіліндегі мұғалімдердің біліктілдік санаты туралы мәліметтер

Осы мәліметтер мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша сауалнамаға жауап берушілерден алынған ақпараттармен расталады. ТК V.2 – Үштілді білім беруге қатысты (соңғы үш жылда) мұғалімдердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер технологиялық картасына сәйкес сауалнамаға жауап берушілер мектеп мұғалімдерінің бар сертификаттары туралы мәліметтерді ұсынуы тиіс болатын. Біліктілікті арттыру бойынша ауылдық мектептерге қарағанда қалалық мектеп мұғалімдерінің біршама белсенділігі анықталды. «Өрлеу» АҚ бағыты бойынша курстан өтудегі ерекшелігін көрсетеді (3.1.6-сурет).



3.1.6 – сурет Мониторинг жүргізуге қатысқан, оқыту орыс тіліндегі мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Ескеретін жағдай, ол қалалық мектеп мұғалімдерінің 8,5% ҚазТЕСТ сертификатының бар болуы. Сонымен қатар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ курстарынан өткен ауыл мұғалімдерінің үлесінің төмен болуы өкінішті жағдай.

Егер осыған дейін оқыту қазақ тілді емес мектептердегі пәндерді қазақ тілінде (Т2) оқытатын мұғалімдер туралы айтылса, төмендегі мәліметтер оқыту қазақ тіліндегі мектептерде пәндерді орыс тілінде (Т2) жүргізетін мұғалімдер туралы көріністі суреттейді.

Мұнда мониторинг жүргізуге қатысқан оқыту қазақ тіліндегі 74 мектепте үштілді білім беру бағдарламаларына қатысты барлығы 4504 мұғалім, яғни 15,2%, жұмыс істейді (3.1.3-кесте).


3.1.3- кесте – Оқыту қазақ тіліндегі мектептердегі үштілді білім беру бағдарламаларына қатысты мұғалімдер туралы мәліметтер

Мектеп түрлері (орналасқан орны бойынша)	Барлық мұғалімдер	Олардың үштілді білім беруге қатыстылары	
		саны	үлесі
Ауылдық мектептер	459	33	7,2
Қалалық мектептер	4045	323	8,0
Барлығы	4504	356	15,2

Үштілді білім беру бағдарламаларына байланысты мұғалімдердің 45,2% жоғары біліктілік санаты, 47,1%-ның бірінші біліктілік санаты, 14,9% екінші біліктілік санаты бар және санаты жоқтар 4,2% құрайды.


Сонымен қатар келесі үдеріс байқалады: оқыту қазақ тілінде емес мектептер сияқты мұғалімдердің көпшілік үлесінің жоғары санаты бар, бірақ ауылдық және қалалық мұғалімдер арасындағы айырмашылық екіншісінің пайдасына 45,2% құрайды.

Ауылдық мектептерде бірінші санаты бар мұғалімдер саны басым болады (3.1.7-сурет).




3.1.7-сурет – Мониторинг жүргізуге қатысқан, оқыту қазақ тіліндегі мектеп мұғалімдерінің біліктілік санаты туралы мәліметтер

Оқыту қазақ тіліндегі мектептерде орыс тілінде (Т2) сабақ жүргізетін мұғалімдердің білім деңгейіне келетін болсақ, алдыңғы жағдай сияқты, жоғары білімді педагогтар саны басым болады(3.1.8-сурет).



3.1.8 сурет– Мониторинг жүргізуге қатысқан, оқыту орыс тіліндегі мектеп мұғалімдерінің білім деңгейі туралы мәліметтер

Орыс тілінде (Т2) сабақ жүргізетін, қазақ мектептері мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға қатысты айтар болсақ, алдыңғы жағдайдан айырмашылығы ауылдық мектеп мұғалімдері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ және «Өрлеу» АҚ курстарынан өтпеген, осы курстан өткендер саны оқыту орыс тіліндегі қала мектептері мұғалімдерінің көрсеткішінен артық емес (3.1.9- сурет).



3.1.9-сурет – Мониторинг жүргізуге қатысқан, оқыту қазақ тіліндегі мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Келесі ақпараттар блогы мектептегі оқыту тіліне тәуелсіз пәндерді ағылшын тілінде (Т3) жүргізетін мұғалімдер туралы ұқсас мәліметтерді құрайды. Олардың саны 120 мектепте үштілді білім беру бағдарламаларына қатысты 7268 адамды, яғни 9,5% құрады (3.1.4-кесте).


3.1.4 кесте – Пәндерді ағылшын тілінде жүргізетін, үштілді білім беру бағдарламаларына қатысты мұғалімдер туралы мәліметтер

Мектеп түрлері (орналасқан орны бойынша)	Барлық мұғалімдер	Олардың үштілді білім беруге қатыстылары	
		саны	үлесі
Ауылдық мектептер	629	56	8,9
Қалалық мектептер	6639	638	9,6
Барлығы	7268	694	9,5

Көрсетілген мұғалімдер санынан 27,5% -ның жоғары біліктілік санаты, 20,% -ның бірінші біліктілік санаты, 16,2% екінші біліктілік санаты бар және 26,2%-ның санаты жоқ.


Сонымен қатар келесі үдеріс байқалады: мұғалімдердің көпшілік бөлігінің жоғары санаты бар, бірақ ауылдық және қалалық мұғалімдер арасындағы айырмашылық екіншісінің пайдасына 20,3% құрайды.

Ауылдық мектептерде екінші санаты бар мұғалімдер саны басым болады (3.1.10-сурет).




3.1.10-сурет Мониторинг жүргізуге қатысқан, мектептерде сабақты ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдердің біліктілік санаты туралы мәліметтер

Сабақты ағылшын тілінде (ТЗ) жүргізетін мұғалімдерге келетін болсақ, алдыңғы жағдайлар сияқты осы жерде де жоғары білімі бар педагогтар саны басым болып келеді (3.1.11-сурет).



3.1.11-сурет – Мониторинг жүргізуге қатысқан, оқыту орыс тіліндегі мектеп мұғалімдерінің білім деңгейі туралы мәліметтер

Сабақты ағылшын тілінде (ТЗ) жүргізетін мұғалімдердің біліктілігін арттыруға қатысты олардың басым көпшілігі «Өрлеу» АҚ курсынан өткендер, осы курстан өткен ауылдық мектеп мұғалімдерінің саны қалалық мектеп мұғалімдерінің көрсеткішінен артық еместігін атап көрсетуге болады (3.1.12-сурет).



3.1.12-сурет Мониторинг жүргізуге қатысқан, оқыту қазақ тіліндегі мектеп мұғалімдерінің білім деңгейі туралы мәліметтер


Есте қаларлық жағдай, ол ауылдық мектеп сияқты қалалық мектеп мұғалімдерінің де IELTS сертификаттарының (12,5% және 20,4%-ға сәйкес) бар болуы.

Мақсатты тілдерде (Т2 және Т3) сабақ жүргізетін мұғалімдер бойынша салыстырмалы талдау мәліметтері:


1) жоғары біліктілік санаты бойынша ең жоғары көрсеткішті пәнді орыс тілінде (Т2) жүргізетін мұғалімдер, ең төменгісін 17,7% айырмашылықпен сабақты ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдер көрсетті (3.1.13-сурет);

2) басым көпшілік мұғалімдердің жоғары білімі бар (3.1.14-сурет);


3) мұғалімдер көп жағдайда «Өрлеу» АҚ курсынан өтуде белсенді, сонымен қатар біліктілікті арттыру бойынша ең жоғары көрсеткішті сабақты қазақ тілінде (Т2) жүргізетін мұғалімдер, ең төменгісін 23,99% айырмашылықпен сабақты ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдер көрсетті, бірақ соңғылары тілдік құзыретті арттыруда үлкен белсенділік танытты (3.1.15-сурет).



3.1.13-сурет – Сабақты мақсатты тілдерде жүргізетін мұғалімдердің біліктілік санаты бойынша салыстырмалы мәліметтер



3.1.14-сурет – Сабақты мақсатты тілдерде жүргізетін мұғалімдердің білім деңгейі бойынша салыстырмалы мәліметтер



3.1.15-сурет – Сабақты мақсатты тілдерде жүргізетін мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша салыстырмалы мәліметтер

3.2. Деңгейі: техникалық және кәсіптік білім беру

Мониторингке 17 колледж қатысты, оның 3-і үштілді білім беру бағдарламасын жүзеге асырмайды. Ол Ақтөбе гуманитарлық колледжі, Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық колледжі және Щучинск педагогикалық колледжі.

Үштілді білім беру бағдарламаларын іске асыратын 14 колледж жалпы контингенті 9755 студентті құрайды, оның ішінде қазақ тілінде оқытатын бөлімшесінде 6320 немесе 64,8% оқиды, орыс тілінде оқытатын бөлімде 3435 немесе 35,2% оқиды. (3.2.1-кесте)

3.2.1 кесте – Мониторинг жүргізуге қатысқан колледждердің күндізгі бөлім білім алушыларының контингенті туралы мәлімет

Оқыту тілі (Т1)	Толық оқыту курсы					Қысқартылған оқыту курсы				Қорытынды
	1 курс	2 курс	3курс	4 курс	всего	1 курс	2 курс	3 курс	всего	
Қазақша	1532	1567	1652	1254	6005	84	166	65	315	6320
Орысша	587	792	848	698	2925	165	186	159	510	3435
Қорытынды	2119	2359	2500	1952	8930	249	352	224	825	9755

Орыс тілінде оқытылатын студенттердің жалпы санынан қазақ тіліндегі пәндердің үлесі 54,2%, қазақ тілінде оқытылатын студенттердің жалпы санынан орыс тіліндегі пәндердің үлесі – 20,1%. Айырмашылық 34,1% қазақ тілі пайдасының көрсеткішін құрайды. Бұл үштілді білім беру бағдарламасына колледж студенттері қатысуының біркелкі еместігін көрсетеді.

Әсіресе, бұл ағылшын тіліндегі пәндерді оқитын студенттерге қатысты. (3.2.2 кесте және 3.2.2 сурет).

3.2.2 кесте –Пәндерді мақсатты тілде оқитын студенттер саны туралы мәліметтер

Студенттер санаты	Толық оқыту курсы	Қысқартылған оқыту курсы	Қорытынды
пәндерді қазақ тілінде оқитын орыс бөлімінің студенттері	1303	358	1661
пәндерді орыс тілінде оқитын қазақ бөлімінің студенттері	1067	79	1146
пәндерді ағылшын тілінде оқитын орыс бөлімінің студенттері	834	262	1096
пәндерді ағылшын тілінде оқитын қазақ бөлімінің студенттері	1054	84	1138



3.2.1 сурет –Мақсатты тілдегі пәндерді оқитын студенттердің үлесі

3.2.2 суретте көрсетілгендей, колледждерде тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқытын студенттердің үлес көрсеткіштері қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бөлімдер арасында қатты ерекшеленеді. Мұнда колледждердің қазақ бөлімі бойынша студенттердің көрсеткіштері орыс бөлімі көрсеткіштеріне қарағанда 15,8% - ға төмен (3.2.2 сурет).



3.2.2 сурет – Тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқытын студенттердің үлесі

Колледждерде қазақ тілінде оқытатын студенттерге арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында орыс бөлімінде оқытын студенттердің бағдарламасына қарағанда қазақ тілінде оқытатын пәндерге артықшылық берілетіні айқындалды. (3.2.3 кесте).

3.2.3 кесте - Тілдік емес пәндерді оқытын колледж студенттерінің оқыту тілі бойынша мақсатты тілдер көрсеткішінің үлесін бөлу (Т1)

Оқыту тілі (Т1)	Қазақ тілі (Т2)	Орыс тілі (Т2)	Ағылшын тілі (Т3)
Қазақша		20,1%	20,0%
Орысша	54,2%		35,8%

Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары мақсатты орыс тілінде (Т2) 32 мамандықтар үшін әзірленген және мақсатты ағылшын тілі (Т3) қазақ бөліміндегі 41 мамандық үшін, орыс бөлімінің жоғары көрсеткіштері (25 және 21 мамандыққа сәйкес). Сонымен қатар, оқытылатын тілдік емес пәндердің саны қазақ топтарында орыс (Т2) және ағылшын (Т3) тілдерінде, сондай-ақ орыс бөлімінде қазақ (Т2) және ағылшынша (Т3) оқытындардың саны артуда (3.2.4 кесте).

3.2.4 кесте – Колледждердің мақсатты тілдік оқытылатын мамандықтар мен тілдік емес пәндердің сандық мәліметтері


Мақсатты тілдер	Мамандықтар саны	Тілдік емес пәндер саны
Орыс тілі бөлімінде оқитын топтардағы қазақ тілі (Т2)	25	5
Қазақ тілі бөлімінде оқитын топтардағы орыс тілі (Т2)	32	11
Қазақ тілі бөлімінде оқитын топтардағы ағылшын тілі (Т3)	41	7
Орыс тілі бөлімінде оқитын топтардағы ағылшын тілі (Т3)	21	4

Төменде мақсатты тілде оқылатын пәндер тізімі ұсынылған:

- Елтану;
- Мемлекеттік тілде іс-қағаз жүргізу
- Өлкетану;
- АӘД;
- Дене шынықтыру;
- Информатика;
- Еңбекті қорғау;
- Хореография элеменеттерімен ырғақ;
- АФГ;
- Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы
- География;
- Құқық негіздері;
- «Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі»;
- «Музыка оқыту әдістемесі».

Колледждерде тілдік мақсатта көбінесе "Мемлекеттік тілде іс-қағаз жүргізу", "Елтану" және "Өлкетану" секілді пәндер жиі оқытылады.

Осыған қарамастан мақсатты тілді оқытуға берілген уақыткөлемінің көрсеткіштері біркелкі бөлінбеген. Осылайша, қазақ тілінде оқытылатын топтарда, орыс тіліндегі (Т2) пәндерге білім беру бағдарламасының жалпы сағат санынан 25,1% бөлінеді, бұл орыс тілі топтарында қазақ тіліндегі (Т2) пәндерді оқыту уақытының көлемінен 0,4% - ға артық бөлінген. Осындай жағдай ағылшын тілінде (Т3) оқытылатын пәндерде де: мұнда қазақ тілінде оқытатын топтарда осы оқу уақытының көлемі орыс тілінде оқыту тобынан 6,3% - ға артық (3.2.3 сурет).



3.2.3 сурет – колледждердегі мақсатты тілдікпәндерді оқуға берілген уақыттың үлесі (Т2 және Т3)

Ұсынылған колледждердің мәліметтері біртiлдi оқытушылардың басымдығын көрсетедi, оның iшiнде тек қазақ тiлiнде 444 адам немесе 36,1% оқиды. Ең төменгi көрсеткiш ағылшын тiлiндегi оқытушылардың саны – 94 оқытушы немесе 7,6% (3.2.5 кесте, 3.2.4 сурет).

3.2.5- кесте – Мониторингке қатысқан колледж оқытушылары туралы мәліметтер

Білім беру ұйымының атауы	Колледж бойынша барлығы	Оқитын оқытушылар			
		Тек қана қазақ тілінде	Тек қана орыс тілінде	Қазақ және орыс тілдерінде	Ағылшын тілінде
1	2	3	4	5	6
№ 1 Алматы мемлекеттік қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі	111	111	0	9	17
№ 2 Алматы мемлекеттік қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі	57	12	25	12	8
Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі	93	53	22	12	6
М.Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледж	82	21	32	22	7
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі	196	42	3	139	12
Жезқазған гуманитарлық колледжі	46	30	2	5	8
Қарағанды гуманитарлық колледжі	102	29	36	33	0
Қостанай педагогикалық колледжі	92	10	63	10	8

3.2.5- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж	110	10	2	2	3
Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж	83	46	9	18	10
Сарқан гуманитарлық колледжі	46	0	7	36	3
Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжі	64	2	41	19	2
Б.Ахметова атындағы Павлодар педагогикалық колледжі	89	35	23	23	8
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі	58	43	6	7	2
Барлығы	1229	444	271	347	94



3.2.4 сурет –мақсатты тілді оқытатын колледж оқытушыларының үлесі .

Бағалау жүйесіне келсек, студенттердің тілдік компоненттерін бағалау барлық колледждерде – дәстүрлі. Сондай-ақ студенттердің сөйлеу әрекетінің төрт дағдысы (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) жеткілікті деңгейде деректермен қамтылмаған.

3.3 Деңгейі: Жоғары білім беру

Мониторингке 29 жоғары оқу орындары қатысты, олардың 1-уі үштілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асырмайды. Ол Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы.

Үштілді білім беру бағдарламалары жүзеге асырылатын 28 ЖОО-ның жалпы студенттер контингенті 110923 студентті құрайды, олардың оқыту қазақ тіліндегі бөлімдерінде 80212 студент, немесе 72,3%, оқыту орыс тіліндегі бөлімдерінде 30711 студент, немесе 27,7% оқиды (3.3.1-кесте).


3.3.1-кесте – Жүргізілген мониторингке қатысқан ЖОО-ның күндізгі бөлім білім алушыларының контингенті туралы мәліметтер

Оқыту тілі	Студенттер контингенті											
	толық оқыту курсы						қысқартылған оқыту курсы					барлығы
	1-курс	2-курс	3-курс	4-курс	5-курс	барлығы	1 курс	2 курс	3курс	4 курс	барлығы	
Қазақ	22009	20716	19004	15391	1142	78262	479	828	637	6	1950	80212
Орыс	7117	7801	7134	6820	1082	29954	168	325	263	1	757	30711
Барлығы	29126	28517	26138	22211	2224	108216	647	1153	900	7	2707	110923

Орыс бөлімінің жалпы студенттер санынан пәндерді қазақ тілінде - 54,2%, қазақ бөлімінің жалпы студенттер санынан пәндерді орыс тілінде – 20,1% студенттер оқиды. Көрсеткіштегі айырмашылық қазақ тілінің пайдасына 34,1% құрайды. Бұл үштілді білім беру бағдарламасына ЖОО студенттерін тартудың біркелкі еместігін көрсетеді. Әсіресе бұл пәнді ағылшын тілінде оқитын студенттер санына қатысты (3.3.2 кесте және 3.3.1-сурет).


3.3.2 кесте– Пәндерді мақсатты тілде оқитын ЖОО студенттерінің саны туралы мәліметтер

Студенттер санаты	Толық оқыту курсы
Пәндерді қазақ тілінде оқитын орыс бөлімінің студенттері	3842
Пәндерді орыс тілінде оқитын қазақ бөлімінің студенттері	5704
Пәндерді ағылшын тілінде оқитын орыс бөлімінің студенттері	2886
Пәндерді ағылшын тілінде оқитын қазақ бөлімінің студенттері	7450



3.3.1 сурет – Пәндерді мақсатты тілде оқитын ЖОО студенттерінің үлесі

3.3.2 суретіндегі мәліметтер көрсеткендей, тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқытын ЖОО студенттерінің үлесінің, колледжден айырмашылығы іс жүзінде оқыту қазақ және орыс бөлімдері арасындағы көрсеткіштермен сәйкес келеді. Мұнда колледждердің қазақ бөлімі студенттері бойынша көрсеткіштер, төменде орыс бөлімінің сондай көрсеткіші небәрі 0,1% құрайды (3.3.2 сурет).



3.3.2 сурет – Тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқытын студенттер үлесі

Оқыту қазақ тіліндегі студенттер үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуде ЖОО орыс бөлімі студенттеріне арналған бағдарламаларға қарағанда қазақ тілінде оқытылатын пәндерге артықшылық береді: мұнда көрсеткіштердегі айырмашылық +5,4% құрайды (3.3.3 кесте).

3.3.3 кесте – (Т1) оқыту тілі бойынша тілдік емес пәндерді мақсатты тілде оқытын колледж студенттерінің үлес көрсеткіштерін бөлу

(Т1) оқыту тілі	(Т2) Қазақ тілі	(Т2) Орыс тілі	(Т3) Ағылшын тілі
Қазақ		7,1%	9,3%
орыс	12,5%		9,4%

Сонымен қатар, мақсатты орыс тіліндегі (Т2) білім беру бағдарламасы қазақ бөлімінің 128 мамандығы үшін және мақсатты ағылшын тілінде (Т3) 4153 мамандықтары үшін әзірленді. Бұл жоғарыдағы орыс бөлімінің көрсеткіштерінің (88 және 149 мамандықтар бойынша) ұқсастығын көрсетеді.


Сондай-ақ, қазақ топтарындағы орыс(Т2) және ағылшын(Т3) тілдерінде оқытылатын тілдік емес пәндер саны тағы да орыс бөлімі топтарындағы қазақ (Т2) және ағылшын (Т3) тілінде оқытын пәндер санын арттырады (3.3.4 кесте).

3.3.4 кесте – Мақсатты тілде оқылатын жоо тілдік емес пәндері және мамандықтары туралы сандық мәліметтер

Мақсатты тілдер	Мамандықтар саны	Тілдік емес пәндер саны
Оқыту орыс тіліндегі топтардағы қазақ тілі(Т2)	88	516
Оқыту қазақ тіліндегі топтардағы орыс тілі (Т2)	128	854
Оқыту қазақ тіліндегі топтардағы ағылшын тілі (Т3)	153	1303
Оқыту орыс тіліндегі топтардағы ағылшын тілі (Т3)	149	997

Сонымен бірге пәндерді мақсатты тілде оқытуға бөлінетін оқу уақыты көлемінің көрсеткіші біркелкі бөлінбеген. Оқыту қазақ тіліндегі топтарда орыс тілінде (Т2) оқытылатын пәндерге білім беру бағдарламасының жалпы сағат санынан 23,7% бөлінеді, бұл оқыту орыс тіліндегі топтарда пәнді қазақ тілінде(Т2) оқытуға бөлінетін оқу уақытының көлемінен 5,4% көп.

Ағылшын тілінде (Т3) оқытылатын пәндердің көрінісі басқаша: мұнда оқыту қазақ тіліндегі топтарда оқу уақытының осы көлемі оқыту орыс тіліндегі топтарға қарағанда 4,8% көп (3.3.3 сурет).



	оқу уақытының үлесі
■ оқу орыс тіліндегі топтарда қазақ тілінде	18,3
■ оқу қазақ тіліндегі топтарда орыс тілінде	23,7
■ оқу қазақ тіліндегі топтарда ағылшын тілінде	26,0
■ оқу орыс тіліндегі топтарда ағылшын тілінде	21,2

3.3.3 сурет – ЖОО-да пәндерді мақсатты тілдерде (Т2 және Т3)оқытуға бөлінетін оқу уақытының үлесі

ЖОО-мен ұсынылған мәліметтер мониторинг жүргізуге қатысқан ПОҚ-ның жалпы санынан екітілді оқытушылар саны (қазақ-орыс қостілділер)37,3% құрайтынын, олардың саны 5228 адамға жететінін көрсетеді. Сондай-ақ


колледждердегі сияқты ЖОО ПОҚ оқытушылардың аз саны, ағылшын тілінде оқитын оқытушылар-1506 немесе 10,7% (3.3.5кесте, 3.3.4-сурет).

3.3.5 кесте – Мониторингке қатысқан колледж оқытушылары туралы мәлімет

Білім беру ұйымының атауы	Барлығы ЖОО бойынша	Оқитын оқытушылар							
		тек қазақ тілінде		тек орыс тілінде		қазақ және орыс тілдерінде		ағылшын тілінде	
		саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)	саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)	саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)	саны	ПОҚ жалпы санынан үлесі (%)
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ	635	489	77,0	145	22,8	422	66,5	77	12,1
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық МПИ	151	70	46,4	14	9,3	54	35,8	13	8,6
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау МУ	424	354	83,5	184	43,4	424	100,0	63	14,9
Д. Серікбаев атындағы ШҚ МТУ	221	20	9,0	29	13,1	0	0,0	5	2,3
С. Аманжолов атындағы ШҚМУ	345	98	28,4	104	30,1	143	41,4	42	12,2
Семей қ. ММУ	396	189	47,7	228	57,6	160	40,4	74	18,7
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ	1538	0	0,0	0	0,0	0	0,0	80	5,2
І. Жансүгіров атындағы Жетісу МУ	333	18	5,4	14	4,2	19	5,7	14	4,2
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ	288	60	20,8	42	14,6	160	55,6	27	9,4
М. Өтемісұлы атындағы БҚМУ	450	122	27,1	106	23,6	152	33,8	70	15,6
М.Оспанов атындағы БҚММУ	511	455	89,0	56	11,0	397	77,7	10	2,0
Т.К.Жүргенов атындағы Қаз. ұлт. өнер академиясы	302	120	39,7	124	41,1	122	40,4	17	5,6
Қаз Мем Қыз ПУ	582	220	37,8	70	12,0	210	36,1	82	14,1
Қ.И.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ	1133	204	18,0	329	29,0	601	53,0	12	1,1
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	81	13	16,0	32	39,5	29	35,8	6	7,4
Қар ММУ	714	304	42,6	419	58,7	55	7,7	103	14,4
Қар МТУ	660	70	10,6	72	10,9	30	4,5	66	10,0
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ	789	56	7,1	56	7,1	112	14,2	265	33,6
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау МУ	69	13	18,8	20	29,0	44	63,8	12	17,4
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай МУ	418	81	19,4	162	38,8	189	45,2	28	6,7
Қостанай МПИ	213	49	23,0	78	36,6	69	32,4	19	8,9
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда МУ	524	33	6,3	28	5,3	399	76,1	65	12,4
Павлодар МПИ	239	42	17,6	71	29,7	83	34,7	43	18,0
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ	46	13	28,3	15	32,6	0	0,0	18	39,1
Шәкәрім атындағы Семей МУ	477	113	23,7	112	23,5	251	52,6	65	13,6

3.3.5 кестенің жалғасы

Тараз МПИ	346	275	79,5	194	56,1	136	39,3	63	18,2
М.Х.Дулатиатындағы Тараз МУ	597	40	6,7	38	6,4	504	84,4	65	10,9
М. Әуезоватындағы ОҚМУ	1540	850	55,2	125	8,1	463	30,1	102	6,6
Барлығы	14022	4371	31,2	2867	20,4	5228	37,3	1506	10,7




3.3.4-сурет –Мақсатты тілдер бойынша дәріс оқитын ЖОО ПОҚ үлесін бөлу

Студенттердің тілдік құзыреттіліктерін бағалауға қатысты тек үш ЖОО CEFR деңгейлік жүйесі бойынша бағалауды қолданады. Олар:


- I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті;
- М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті;
- Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті.

Жоғарыда көрсетілген үш ЖОО ұсынған деректерді талдау студенттердің басым көпшілігі барлық үш тіл бойынша B2 деңгейінде тілдік құзыреттіліктер қалыптасуын көрсететінін дәлелдеп отыр (3.3.5- сурет).



3.3.5-сурет – Үш ЖОО студенттерінің тілдік құзыреттілік деңгейі

Үш тіл қимасындағы салыстырмалы талдау студенттердің екінші тіл ретінде қазақ тілі бойынша (Т2) ең төмен көрсеткіш көрсеткенін дәлелдеді (3.3.6- сурет)



3.3.6-сурет – Студенттердің үш мақсатты тіл бойынша деңгейлік тілдік құзыреттіліктердің қалыптасу көрсеткіштерін бөлу

4 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тұжырымдар

Жүргізілген мониторинг нәтижелерін талдау келесідей **тұжырымдар** жасауға мүмкіндік береді:

1) орта білім беру деңгейі бойынша:

1.1) үштілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы ауыл мектептері мұғалімдерінің біліктілік санаттары және біліктілігін арттыру көрсеткіштері бойынша анық артта қалуы;

1.2) мақсатты тілдерде оқытылатын (Т2 және Т3) мектеп пәндерін таңдауда педагогикалық және дидактикалық тұрғыдан жосықсыз еркіндік;

1.3) тілдік емес пәндерді мақсатты тілде оқытуда қолдануға міндетті және ұсынылған оқу ресурстарын (оқулықтар және ОӘК) реттеудің қажеттілігі;

2) техникалық және кәсіптік білім беру мен жоғары білім беру деңгейлері бойынша :

2.1) қазақ-орыстілді ПОҚ аспектісінде үштілді білім беруді кадрлық қамтамасыз ету бойынша жеткілікті жақсы болжамдар;

2.2) оқыту қазақ тіліндегі топтар бойынша мәліметтер (барлық ұстаным – студенттердің тілдік құзыреттерін қалыптастыру деңгейі, БП және БП және т.б циклдарының тілдік емес пәндерін оқытуға бөлінетін уақыт көлемі бойынша) біршама әлсіз көрсеткіштерді көрсетеді;

2.3) ПОҚ аспектісінде ағылшын тілі білімімен ЖОО-да үштілді білім беруді кадрлық қамтамасыз етудегі ерекше қолайсыз жағдай.

Сонымен қатар, мониторинг жүргізуге қатысудың жалпы мәдениетіне және білім берудің барлық деңгейінің бастапқы құжаттарын орындаушылардың жауапкершілігіне байланысты:

– үштілді білім беру қазақ (Т2), орыс (Т2) және ағылшын (Т3) тілдерін мақсатты тіл ретінде анықтайтыны туралы нақты және анық түсініктің болмауы;

– істей білмеуін немесе өз орындауына қатысты құжаттарды оқуды қаламауын (дұрысы екіншісі) атап көрсетуге болады.

Осы мониторингтің үштілді білім беру тәжірибесін шынайы зерделеу бойынша алғашқы тәжірибені көрсететінін ескере отырып:

– үштілді білім беру саласындағы кадрлық саясат мәселелерін біршама жете және ғылыми нақтылық тұрғысынан (ресурстық қамтамасыз етуге сәйкес) терең зерделеу;

– мақсатты тілдер (Т2 және Т3) бойынша бағдарлама материалын меңгеруде білім алушылардың тілдік құзыреттерін бағалау жүйесін әзірлеу;

– үштілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысты педагог қызметкерлерге арналған біліктілікке қойылатын талаптар жүйесін әзірлеу;

– үштілді білім беруге арналған педагогикалық кадрлар даярлаудың шынайы жағдайын зерделеу;

– жақын болашақта ауылдық және қалалық мектеп ерекшеліктерін ескере отырып үштілді білім беру үшін педагог кадрларға қажеттілікті анықтау ұсынылады.

Қорытынды

Қазіргі уақытта ағылшын тілі адам қызметінің ғылым, техника, экономика, сауда, спорт, туризм сияқты салаларында маңызды рөл атқарады. Швед, неміс немесе тіпті жапон ғалымдары өздерінің шетелдік әріптестеріне өздері ашқан жаңалықтарын хабарлауды қалағанда немесе қызықты нәтижелермен бөліскенде, олар ғылыми мақалаларын ағылшын тілінде шығатын журналдарда жариялайды. Бұл тіл авиация мен кеме қатынасында да халықаралық тілге айналды. Ағылшын тілі көптеген халықаралық, ғылыми, техникалық, саяси және кәсіби халықаралық конференциялар, симпозиумдар мен семинарларда жұмыс тілі ретінде қолданылады. Орта ғасырларда Еуропа үшін латын тілі қандай маңызды рөл атқарса, қазіргі әлемде ағылшын тілінің де маңызы сондай. Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды, бұл еліміздегі барлық азаматтарды біріктіру және социумды нығайту қызметін атқаруы тиіс. Орыс тілі меңгеретіндер саны басым болуы салдарынан қазіргі әлемде ақпараттық көкжиекті кеңейту факторы болып табылады. Ағылшын тілі қазіргі таңда ұлттың шынайы бәсекеге қабілеттілігінің қажетті шарттарының бірі болып саналады.

Негізінен, мемлекеттің тілдік саясаты келесіге негізделеді:

- мектеп түлектерінің қазақ тілін 100% меңгеруіне қол жеткізу;
- Қазақстанда шынайы тарихи себептермен негізделген орыс тілін меңгерудегі жетістіктерді жоғалтпау және оларды еселеу;
- табиғи қалыптасқан қазақ-орыс қостілділігіне әлемдік қауымдастықтағы тіл ретінде, үшінші ағылшын тілін білуді қосу.

Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын дайындауда үштілді білім беру процесін енгізумен қатар жүретін тәуекелдер, атап айтқанда қоғамның үштілді білім беру саясатын қабылдамауы, пән мұғалімдерінің енжар немесе тіпті теріс ұстанымдары белгіленді, бірақ Қазақстандағы үштілді білім берудің қазіргі жағдайын талдау педагог кадрлардың дайын болмауы – негізгі тәуекел екенін көрсетіп отыр.

Бұл үштілді оқытуды енгізу шеңберінде педагогтарды дайындау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыруды; педагогтарды дайындаудың түрлі формаларын қолдануды, жеке құрылымдарды тартуды (ҚТЛ, «Мирас» мектептері және т.б.), республикалық, облыстық семинар-тренингтер өткізуді талап етеді.

Мазмұны

Кіріспе	3
1. Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілген мониторингтің құрылымы мен технологиялық карталары	4
2. Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге мониторинг жүргізуде ақпараттар жинау және мәліметтер базасын өңдеу әдістері	7
3. Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілген мониторингмәліметтерін талдау нәтижелері	8
4. Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беруге жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тұжырымдар	31
Қорытынды	33

Введение

Для составления аналитической справки был проведен анализ текущей ситуации по реализации трехязычного образования в организациях образования всех уровней. В соответствии с этим был проведен мониторинг, для осуществления которого были:

- разработаны структура и технологические карты мониторинга трехязычного образования в организациях образования всех уровней;
- произведены сбор информации и обработка базы данных мониторинга трехязычного образования в организациях образования всех уровней;
- сделан анализ данных мониторинга трехязычного образования в организациях образования всех уровней;
- обобщены результаты работы и сформулированы выводы по состоянию реализации трехязычного образования в организациях образования всех уровней.

Все указанные действия представляли собой пошаговый алгоритм достижения основной цели мониторинга, которая заключалась в том, чтобы на основе сбора информации от первичных организаций образования всех уровней выяснить реальную картину продвижения трехязычного образования в стране. Именно в соответствии с этой целью были составлены все технологические карты и определены технологические процедуры мониторинга, а также проведена совокупная выборка респондентов, когда на уровне высшего образования были опрошены национальные и государственные вузы, на уровне технического и профессионального образования – гуманитарные и педагогические колледжи, на уровне среднего образования – школы, реализующие программы трехязычного обучения.

Всего в мониторинге приняли участие:

